

## **"Ақтөбээнерго" Ақтөбе электр тарату желісі компаниясы" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қазандағы N 1020 қаулысы

"Ақтөбээнерго" Ақтөбе электр тарату желісі компаниясы" ашық акционерлік қоғамының оңалту рәсімі мақсатына қол жеткізе алмауына, ауыр қаржы-экономикалық жағдайына байланысты, өңір экономикасы үшін оның маңызды стратегиялық мәнін ескере отырып және "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 2-бабы 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақтөбээнерго" Ақтөбе электр тарату желісі компаниясы" ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) оңалту рәсімін тоқтатуға және конкурстық іс жүргізуді қозғауға бастамашылық жасасын.

2. Сот Қоғамды банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы шешім шығарған жағдайда мыналарды:

1) Қоғамның негізгі технологиялық кешенін бірыңғай лотпен сатуды;  
2) әкімшілік шығыстардың және бірінші, екінші және үшінші кезектердегі кредиторлар талаптарының сомасынан төмен емес бірыңғай лотты сатудың ең төменгі бағасын белгілеуді;

3) технологиялық кезеңінің үздіксіздігін сақтай отырып банкрот рәсімін өткізуді;  
4) меншік құқығы бірыңғай лотты сатып алушыға өту сәтіне дейін тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету үшін конкурстық басқарушыға шарттар жасасу құқығын беруді көздейтін конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

3. Бірыңғай лотты сатып алушыға мынадай:

1) сатып алушының қызметтің бейінін, тұтынушылармен шарттарды және көрсетілетін қызметтер көлемін сақтап қалу бойынша міндеттемелер қабылдауын;

2) электр энергиясын қайта сату, электр энергиясын беру және тарату мақсатында сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясының болуын;

3) Ақтөбе облысының әкімдігімен келісілген инвестициялық бағдарламасының болуын;

4) төртінші кезектегі кредитор талаптарын өтеу үшін конкурстық массаны сатудан түскен қаражаттың жеткіліксіздігі жағдайында сатып алушының оларды сатып алу-сату шартына қол қойылған сәтінен бастап бір күнтізбелік жылдың ішінде өтеуі бойынша міндеттемелер қабылдауын;

5) сатып алушының саны 1100 адамнан кем емес Қоғам қызметкерлерінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуін көздейтін қосымша талаптар белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК